

**«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметінің отырысы**

ХАТТАМА № 6

Қатонқарағай ауылы

30.06.2023 жыл

Отырыс төрағасы: кәсіпорын директоры м.а. А.Т. Сарбасов

Катысқандар: бөлім басшылары, музей қызметкерлері

Күн тәртібінде: «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жауапты өкілі Орынбекова Асемгуль Орынбекқызының

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша ұжымға түсіндіру.
2. Жаңа қызметкерлерден «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-бүгінгі күн талабы» атты экспресс сауалнама алуы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жауапты өкілі Орынбекова Асемгуль Орынбекқызы сез алды:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Азаматтардың өз құқықтарын жақсы білуі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастасуына бірденбір ықпал ететін фактор болып табылады. Еліміздің әрбір азаматы қандай да бір заңнаманы сәйкесінше қолдана білсе, мемлекеттік қызметкердің өз лауазымын заңсыз қолдануына жол бермесе, яғни заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиімді қолданса еліміз дерттен арылып, әлемдегі дамыған елдер қатарынан орын алуына үлкен үлес қосылар еді.


Қызметкерлерден «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-бүгінгі күн талабы» атты экспресс сауалнама алынып, қорытынды нәтижесі шығарылды. Сауалнама мақсаты: «Берел» тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ны қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Қызметкерлер күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе төмендегі шешімді қабылдады.

Шешім:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері назарга алынын.

**Директордың м.а
Комплаенс-қызметінің жауапты өкілі**


A.T.
As.

**А.Т. Сарбасов
А.О. Орынбекова**